



Талдықорған

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№45 (1835) Жұма, 8-қараша 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

Президенттер Елшілер залында екі мемлекеттің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция тарапының қазақ делегациясын ыстық ықыласпен қарсы алғанын атап өтіп, Эмманюэль Макронға алғыс айтты.

– Осы сапарыма айрықша мән беремін. Бұл Қазақстан мен Франция арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа белесі болмақ. Бүгінгі келіссөздер және қабылданып отырған декларация әріптестігімізді күшейтілген стратегиялық деңгейге көтеруге ықпал етеді. Осы орайлы сәтте Сізді Парижде өткен отыз үшінші Олимпиада және Паралимпиада ойындарының табысты өтуімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жаһандық спорттағы аса ауқымды әрі айтулы оқиға екені анық. Әлем жұртшылығы жоғары деңгейде өткен додаға күй болды. Сіздің еліңіз 2030 жылы француз Альпілерінде жиырма алтыншы Қысқы Олимпиада ойындарын да тамаша деңгейде ұйымдастыратынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

– Қазіргі таңда мемлекеттеріміз арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар. Қазақстан мен Франция халықаралық сахнада тығыз байланыс орнатып, көпжақты құрылымдар аясында бейбітшілік пен орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуде. Франция – біздің аса ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Сіздің еліңіз Қазақстан экономикасына мол инвестиция салып отырған жетекші елдердің қатарында. Бүгінде Қазақстанда француз капиталы бар 200-ден астам компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда белсенді жұмыс істеуге ынталы француз бизнес өкілдеріне шынайы ризашылықпен білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мәдени-гума-

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Елисей сарайының орталық кіреберісінде Эмманюэль Макрон қарсы алды.



нитарлық байланыстар, соның ішінде білім беру, ғылым, медицина және тарих салаларындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Сондай-ақ әлемге әйгілі Гиме мұражайында ашылған Қазақстанның ұлттық өнеріне арналған көрмені айрықша ризашылықпен атап өтті.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев осы сапардың қорытындылары қос

халықтың өркендеуіне игі ықпал ететініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Франция Президенті қазақ-француз ынтымақтастығының дамуына тың серпін беретін келіссөздердің маңызына тоқталды.

Келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары машина жасау, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, өнеркәсіптік кооперация, климат,

цифрлық даму және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылады. Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға мән берілді.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе жөнінде пікір алмасты.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев жиында сөйлеген сөзінде ерекше қонақжайлық көрсеткен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен біртуған қырғыз халқына шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ «Ынтымақ Ордо» ғимаратында өтіп жатқан алқалы жиын Түркі мемлекеттері ұйымының 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанына назар аударды.

– Бұл – мерейлі белес. Осы сәтті пайдаланып, баршаңызға құтты болсын дегім келеді.

Түркі мемлекеттері ұйымы аз ғана уақыт ішінде беделді құрылымға айналды. Оның әлемдік мәртебесі артты. Бұл – ең алдымен, берекелі бірлігіміздің, ортақ күш-жігеріміздің арқасы. Осы басқосу ырысты ынтымағымызды одан әрі нығайта түседі деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясын-

да атқарылған шараларға тоқталды.

– Қазақстан ұйымның іс басындағы төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын көтерді.

Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудардық. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бірқатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала

өркендетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылдадық. Оның ережесі бекітілуге дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, ұйым аясында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы байланыстар да беки түскен.

Мемлекет басшысы қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл бағытта Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарып келеді. Сонымен қатар тараптардың Орталық банктер кеңесін құру туралы бастаманы бірауыздан құптағанын жеткізді.

Президент адам капиталын дамытуды аса маңызды міндет ретінде атады.

Мемлекет басшысы қол қойылатын «Цифрлық экономикадағы әріптестік туралы» келісімді Түркі мемлекеттері ұйымы мүшелері үшін мәні зор құжат деп бағалады. Сондай-ақ түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыру мақсатында кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында саммит аясында жасалатын келісімдер түркі мемлекеттерінің әлеуетін арттыратынына сенім білдіріп, ұйымға төрағалық ететін Қырғыз еліне табыс тіледі.

Түркі мемлекеттері ұйымының XI саммиті аясында 8 құжатқа қол қойылды.

www.akorda.kz

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)

1 жыл – 7638,56 тг. 1 жыл – 4066,40 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)

1 жыл – 4566,40 тг. 1 жыл – 4066,40 тг.

ИНДЕКС 15771 ИНДЕКС 65771



250 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА ОҚИТЫН ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРГЕ БИЫЛДЫҢ ӨЗІНДЕ БЮДЖЕТТЕН 134 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ. АТА-АНАЛАР МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖЕКЕ МЕНШІК МЕКТЕПТЕРГЕ НАҚТЫ КӨМЕК БЕРІП ЖАТҚАНЫН БІЛУГЕ ТИІС. ОСЫҒАН ОРАЙ ӘР БАЛАҒА НОРМАТИВ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ КӨРСЕТІЛІП ТҰРУЫ ҚАЖЕТ.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ халыққа арнаған Жолдауынан

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ — ҮКІМЕТТІҢ ЗАҢ ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Үкіметтің 2025 жылға арналған заң жобалау жұмысының жоспары мақұлданды. Жаңа редакцияда 6 заң жобасын әзірлеу, сондай-ақ қолданыстағы 13 нормативтік-құқықтық актіге түзетулер енгізу қажет.



Премьер-Министр 19 заң жобасының 12-сі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталғанын атап өтті. Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдар экономиканы орнықты дамытуға, денсаулық сақтау жүйесін және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды заңнамалық бастамалар топтамасын дайындауы тиіс.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде жоспар жобасы қаржы нарығын тұрақты дамытуға және кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтардың экономикалық белсенділігін ынталандыруға бағытталған «Банктер және банк қызметі туралы» жаңа Заңды

әзірлеуді көздейді. Сондай-ақ сайлау заңнамасын, мемлекеттік қызметті, міндетті медициналық сақтандыруды, денсаулық сақтауды дамытуды, баламалы энергия көздерін, телекоммуникация нарығын және деректер орталықтарын жетілдіруге ерекше назар аударылды.

Үкімет мүшелері ұсынған жоспар жобасын мақұлдады. Премьер-Министр биылғы жоспарының қалған барлық заң жобасын Парламентке енгізу жұмыстарын аяқтауды және сапалы сүйемелдеуді қамтамасыз етуді тапсырды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Үкімет отырысында мүгедектігі бар жандарғы әлеуметтік қорғау шаралары қаралды.

Қазақстанда барлығы 732 мың мүгедектігі бар адам тіркелген. Үкімет азаматтардың осы санатын қолдау және жайлы кедергісіз ортаны қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруда. Мәселен, Әлеуметтік кодекс қабылданды, қазақстандық отбасылардың әл-ауқатына тұрақты мониторинг пен талдау жүргізуге мүмкіндік беретін Отбасының цифрлық картасы іске қосылды. Бұдан басқа, мүгедектікті ресімдеу тәртібі оңайлатылып, проактивті форматқа ауыстырылды, оны сырттай белгілеу енгізілді. Әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы шеңберінде оңалту үшін қажетті техникалық құралдар мен ресімдерді таңдау мүмкіндігі қолжетімді. Отырыста мүгедектігі бар жандарды әлеуметтік қорғау шаралары қаралды. Тиісті министрлер мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, медициналық көмек, оқыту және олар үшін кедергісіз орта құру мәселелері туралы баяндады.

Мүгедектігі бар адамдарды мемлекет-

тің қолдау жүйесі үнемі жетілдіріліп отыр. Өңірлерде оңалту орталықтары ашылууда.

Инклюзивті қалалық ортаны қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне инфрақұрылымның 45%-ы бейімделген.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мүгедектігі бар жандарға қолайлы әрі жайлы орта қалыптастыру бағытында жоспарлы жұмыс жүріп жатыр. Объектілерді мүгедектігі бар адамдардың, қарттардың ыңғайына қарай бейімдеу жұмысын күшейту қажет. Бұл, әсіресе әлеуметтік объектілерге, дәріханаларға, азық-түлік дүкендері мен сауда орталықтарына қатысты. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне құрылыстың сапасы мен жауапкершілікті арттыру үшін қолданыстағы стандарттарды қайта қарауды тапсырамын. Нормалардың сақталуын бақылау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

1414 ҚЫЗМЕТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Қазақстандықтарды әскер қатарына алу үшін 1414 қызметі қолданылады. Бұл туралы Парламент мәжілісінде мәлім болды.

Заң жобасында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жөнінде хабардар етудің электронды әдісі белгіленеді.

Қорғаныс министрлігі осы мақсатта SMS хабарламаларды "электронды үкімет" веб-порталы — 1414 қызметі және пайдаланушының "жеке кабинеті" арқылы жібере алады.

Сондай-ақ, Ұлттық банк ақша аударымының халықаралық стандартына көшу

Қазақстан Ұлттық банкі екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, елдің төлем жүйелеріне ISO 20022 халықаралық төлем хабарламалары форматын енгізіп жатыр. «Халықаралық төлем хабарламалары стандартын қолдану банктерде клиентке қаржы қызметін көрсету тәртібін өзгертпейді».

Ғаламтор желісінен

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

ЖАРКЕНТТЕ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРДІ

Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 1200 орынды жаңа мектеп пайдалануға берілді.



Мектептің ашылу салтанатына Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов, ардагер ұстаздар, мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар, аудан жұртшылығы қатысты.

— Бұл — Президент тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған облысымыздағы алғашқы білім ошағы. Панфилов ауданы — облыстағы оқушы саны көп аудандардың бірі. Жаңадан пайдалануға беріліп отырған бұл мектепке Жаркент қаласының бала саны көп 9 мектебінен 1100 жуық бала қабылданып отыр. Осындай замануи мектепте білім мен сусындайтын оқушылар облысымыздан топ жарып шығатынына сенімім зор. Мектеп ұстаздарына еліміздің болашақ білімді, еңбекқор патриоттарын тәрбиелеу жолында сәттілік тілеймін! — деді Д. Есдәулетов.

Мектеп заманауи талапқа сай жабдықталған. Мұнда 64 кабинет болса, оның 6-ы жаңа модификациялық кабинет, соның ішінде химия, физика, биология, робототехника, STEAM кабинеттері, нано технология т.б. бар. Жалпы барлық пән

кабинеттері қажетті әдістемелік, техникалық құралдармен жабдықталған. Сонымен қатар ағаш, металл, тігін және басқа да шеберханалар қарастырылған. Акт залы, 2 оқу залы бар кітапхана, 230 орынды асхана, 2 спорт залы, 1 би залы оқушылардың игілігіне қызмет етеді. Оған қоса оқушылардың оқу құралдарына, киімге арналған жеке шкаптар, сондай-ақ кітап оқуға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына көркіні аймақтар қарастырылған.

Мектептегі физика, химия, биология және робототехника пәндері бойынша заманауи кабинеттерде touch-экрандар орнатылып, мектептің кез келген жерінен жылдамдығы жоғары интернетке қосылу мүмкіндігі беріледі. Ерекше білім алуды қажет ететін балаларға тиісті жағдайлар жасалған. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды. Ғимаратта балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларына арналған жабдықтар орнатылған.

ҮШ БІРДЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ НЫСАН



Жетісу облысы Сарқан ауданының ауылдарында қатарынан үш әлеуметтік маңызы бар нысан іске қосылды. Шекаралас Аманбектер ауылында 500-ден астам тұрғыны бар жаңа блокты-модульді медициналық пункт пен

ауылдық өкімдік пайдалануға берілді. Дәл осындай медициналық пункт 600-ден астам адам тұратын Абай ауылында да ел игілігіне ұсынылды.

ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКТЕГІ ЭКОФЕСТИВАЛЬ

Жетісу облысында Қызыл кітапқа кірген құландарға арналған бірегей фестиваль екінші жыл қатарынан өтуге. Жануарлар популяциясының көп бөлігі осы аймаққа тиесілі, яғни 3600-гедей құлан Кербұлақ ауданының «Алтынмөл» ұлттық табиғи паркінің аумағын мекен етеді. Туристер жыл сайын осы әсем жаратылысты көруге мұнда арнайы келеді.

Жыл басынан бері саябаққа 24 мың адам табан тіреген, соның 7 мыңы — Үндістан, Қытай, Корея, Франция, Германия және ТМД елдерінен келген шетелдік туристер.

Биылғы жылы фестиваль саябақтың тағы бір табиғи тылсымы — Айғайқұмның жанында өтті. 10-12 мың жыл бұрын пайда болған ұзындығы 3 км, биіктігі 150 метр бұл құмтау саябақтың айрықша белгісі іспеттес.

Біршама жылдар бұрын Түркіменстаннан ұлттық паркке 30-ға жуық құлан әкелінген, ал қазір бұл жердегі құландар саны едәуір көбейді. Мысалы, өткен жылы саябақ аумағын 3 мыңға жуық құлан мекендесе, биыл олардың саны 3600-ге жетті. Бұл биологиялық түрдің бір бөлігі ұлттық парктен басқа аймақтарға да таралуда. Ұлттық парктің жалпы аумағы 307 мың гектардан асады. Бірегей табиғатын, сирек кездесетін

жануарларын, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау үшін «Алтынмөл» ЮНЕСКО биосфералық резерватының халықаралық мәртебесін иеленген. Мұнда сирек кездесетін өсімдіктердің 31 түрі, Қазақстанның Қызыл кітабына және халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл тізіміне енгізілген жануарлардың 66 түрі кездеседі. Соның ішінде барыс, құлан, қарақұйрық және т.б. бар. Жақында таулы жерлерге қоңыр аюдың келгені байқалған. Ұлттық саябақ бірегей табиғи нысандарымен де танымал. Олардың қатарында «Айғайқұм», Ақтау бор таулары, Қатутау шөлді лава таулары, 700 жылдық тал, Бесшатыр сақ қорғандары, Таңбалы тас петроглифтері бар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



АДАЛ ӘРІ ӘДІЛ БОЛУ – ЗАҢ ТАЛАБЫ

Ел дамуына тұсау салып, экономикамызды тұралататын кесел-сыбайлас жемқорлық. Оны еңсеру аса маңызды басымдықтардың бірі. Азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін бүкіл қоғам болып күш-жігерімізді жемқорлықпен күреске жұмылдыруымыз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатқан бес жылдан астам уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің өзгеріп, мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделі қалыптасқанын атап өткен еді. Сонымен қатар мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдемиз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек екеніне баса мән берді. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мен саланы кәсібилендіруде қолға алынып жатқан шаралар аз емес. Мемлекеттік қызметке іріктеудің ашықтығын арттыру, қызметкерлер жұмысын бағалаудың сапалы әдісін енгізу, олардың білімдерін жетілдіру, дамытуға баса назар аударылуда. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың,

лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу анықтамасы берілген.

Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шеңберінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті делінген. Ауруды емдегеннен оның алдын алу маңыздырақ. Осы орайда, мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру ісі тікелей сыбайлас жемқорлықтың жолын кесері сөзсіз. Жемқорларға жем болмас үшін заңды білген дұрыс. Әрбір азамат қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, немесе асыра пайдалану, пара алу, пара беру фактілеріне кездескен жағдайда дереу өкілетті органдарға хабарласып, жемқорлық дертінің ушығуының жолын кесуге өз үлесін қосқаны абзал. Сыбайласқан жемқорлық кез келген өркениетті қоғам үшін ең өзекті. Елдің даму болашағына қауіп төндіретін құбылыспен халық болып күрескенде ғана нәтиже болары анық. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын, адамдардың құқығын, бостандығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуі міндетті.

Ернат БӘЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Қала әкімі Ернат Бәзіл коммуналды қызметтің ұжымдарымен кездесіп, техникалардың, қажетті материалдардың қысқы маусымға дайындықтарын тексерді.



Ағымдағы жылы қаланың жол құрылымы мен жаяу жүргіншілер жолағын қардан тазалаумен айқындалған негізгі 4 бағыт бойынша «Талдықорған Көркейту» ЖШС, «АБС ЛДСтрой» ЖШС, «Шығыс-4» ЖШС және «АБЗ Карьер ДРСУ» ЖШС сондай-ақ, қосымша айналмалы жолдарда «QazAutoJol» кәсіпорындары айналысады. Жалпы, Талдықорған қаласы бойынша 644 көше бар, жалпы ұзындығы 700 шақырымнан асады. Ернат Дүйсенбекұлы «Бүгінгі таңда техникалық базаны, инертті материалдарды тексеріп шықтық. Дайындық 100 % көрсеткішті көрсетеді. 200-ден астам техника, 5000 тоннадан астам құм, 1500 тоннадан астам тұз дайындық ба-

заларында тұр. Қала тазалығы мен көркейту ісінде «Талдықорған Көркейту» ЖШС арнайы келісімге отырып, бюджеттен қаражат бөлініп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Нәтижесінде қар жауу кезеңінде белгілі бір аумақты 3 сағатта тазалайтын уақыт 1,5 есеге азаяды деп күтілуде»-деп атап өтті. Рейдтік шара барысында техникалық құрылғылардың қауіпсіздік талаптарының сақталуы, мердігер ұйымдардың жұмыс барысында мейлінше жауапкершілік таныта отырып, құбылмалы климат жағдайында дер кезінде шешім қабылдап, жедел қызмет атқару, сонымен қатар, кадр тапшылығының алдын алу мақсатында жүргізушілер жалақысын кезең-кезеңмен жоғарылату мәселесі көтеріліп, тапсырма берілді.

Айта кетейік, жылдағы дәстүрге сай жылыту маусымы уақытылы басталды. Бүгінде қаламызда жылумен және ыстық сумен қамтып отырған 10 қазандық жұмыс істейді. Сондай-ақ, қаламыздағы ең үлкен «Баскуат» жылу қазандығының жүктемесін азайту мақсатында қосымша жаңа қазандық салу жоспарлануда. Ағымдағы жылы Гагарин, Алдабергенов, Қаблица жырау, Жансүгіров, Қабанбай батыр көшелерінде жылу құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жалпы ұзындығы 5,4 шақырымды құрады. Сонымен қатар, Абай, Дарабоз ана, Қабанбай батыр, Балпық би көшелерінде жаңа жылу желілері салынды. Мамандардың айтуынша аталмыш жұмыстар қала аумағында жылыту маусымы кезінде орын алатын авариялық жағдайды болдырмау, шаһарда үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

БІЗДІҢ ҰРАН: ӘРАЛУАНДЫҚТАҒЫ БІРЛІК

Халқымыз қашанда ел татулығын, бірлігін басты байлық деп санаған. Шоңырағымызға қаншама этнос өкілі тату-тәтті өмір сүріп, қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік, бұқаралық шараларға ұйымтқы болып, ел бірлігін нығайтуға өз тараптарынан жемісті еңбек етуге.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан достық пен келісім мекені болып келді және солай болып қала береді. Біздің ұран: Әралуандықтағы бірлік. Мұнда тұратын барлық ұлттар, этникалық топтар біртұтас ұлт болып табылады. Әрине, Қазақстанда тұрақты тұратын әрбір этностың өзіндік ерекшелігі бар. Олардың барлығы өз тілдерін оқып-үйренуге және қолдануға, мәдениеттерді дамытуға, әдет-ғұрыптарды сақтауға құқылы», - деген болатын. «Байлықтан артық достық бар, достықтан

артық байлық жоқ», - дейді халқымыз. Біздің басты байлығымыз, оның ең құндылығы – қоғамдық келісім, елдің бірлігі мен татулығы. Тұрақты жүргізілген сарабал саясат пен қарқынды жұмыстың нәтижесінде әрбір азаматта этникалық немесе діни ұстанымына қарамастан Ата Заңымызда көрсетілген азаматтық құқығы мен бостандықтарын толық пайдаланудың арқасында ерекше сенім, ынтымақтастық және өзара түсіністік ахуалы қалыптасты. Айта кетейік, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында өңірде этномәдени бірлестік өкілдерінің қатысуымен түрлі кездесулер ұйымдастырылып, шаралар өтті. Бірқатар өзекті мәселелер талқыланып, ұсыныстар айтылды.

Илияс САҒЫМБЕКОВ,
«Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі»
ММ сектор меңгерушісі



АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әр алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды», - деген еді.

Мемлекет басшысының бастамасымен көктем айында басталған қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына талдықорғандықтар белсенді қатысуда. Шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму үрдісімен қатар қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстайтын Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл тұрғындарды пайдалы іске жұмылдыруда білек сыбана кірісіп кетеді. Әкімнің басшылығымен көктем айында 1500 түп ағаш көшеті отырғызылса, күз айында оны 10 мыңға жеткізу жоспарланған. Қараша айының алғашқы күні І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жатақханасы аумағына қала әкімдігі, жастар және коммуналдық қызмет мекемелерінің қатысуымен 200 түп ағаш көшеті қондырылды. «Біздің Талдықорғанды атының өзі айтып тұрғандай, одан әрі жақсартып, көркейту үшін жасып желектерімізді егіп жатырмыз. Көбіне біздің климатқа бейімделген шырша, қарағай, қылқан жапырақты ағаштардың көшеттері қондырылады. Бұл жұмыстардың қарқынын бәсеңдетпей, көктем-күз айларында қаланың тысқары аумағын да жүйелі түрде қамтымақпыз. Туған жерін көркейтіп, көгалдандыруға өзіндік үлесін қосып жатқан барша азаматтарға алғысымды білдіремін», - деді қала әкімі Ернат Бәзіл. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қаламыздың мекемелері, тұрғындары да өз үлестерін қосып, ағаш көшеттерін отырғызуды жалғастыра бермек.

Өз тілшіміз

БРИФИНГ

БӨЛШЕК САЛЫҚ РЕЖИМИ 364 ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ҚАМТИДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес арнаулы салық режимі енгізілген болатын. Аталмыш салық режимі - салық кодексіне көзделген шарттарға сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілері үшін неғұрлым жеңіл шарттарды көздеуітін жаңа формат. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес қазіргі таңда рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі бөлшек саудаға және негізінен халыққа қызмет көрсетуіне байланысты 364 қызмет түрін қамтиды. Бұл жөнінде Жетісу облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті камералдық мониторинг бөлімінің басшысы Ринат Жамаубаев толық мәлімдеді.

Спикердің айтуынша бөлшек салық режимін қолданудың мынадай артықшылықтары бар. Осы режимді қолданатын салық төлеушілер бұл кірісі жылына 600,0 мың АЕК-тен аспайтын және жұмыскерлер саны 200 адамға дейінгі белгіленген тізбеге кіретін қызмет түрлерін жүзеге асыратынға, айналым мөлшеріне қарамастан табыс бойынша белгіленген шегіне дейін ҚҚС бойынша есепке тұрмауға құқылы. Салық салу объектісін қызметкерлердің жалақысын төлеуге арналған шығыстар сомасына азайтады, егер салық төлеуші микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санатына жататын болса, ЖТС және әлеуметтік төлемдерді төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібінің орнына қызметкерлердің кірістерінен бірыңғай төлем төлеуге көшуіне құқылы. Ринат Айдарұлы «Қызмет түріне байланысты мөлшерлеме мөлшерін (4%) көп дегенде 50%-ға (яғни 2%-дан төмен емес) төмендетуге жергілікті өкілді органдардың құқығы бар. Бұл өңірлік деңгейде қандай да бір қызмет түрін дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді. Бірақ бұл белгілі бір салық төлеушілерге артықшылықтар берілуі мүмкін дегенді білдірмейді: төмендетілген мөлшерлемелер тек жалпы қызмет түріне, яғни осы қызмет түрімен айналысатын барлық салық төлеушілерге таралуы мүмкін»- деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

«СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО» ЕСТЬ ПРОБЛЕМЫ – ЕСТЬ И РЕШЕНИЯ

В эту среду аким области Жетісу Бейбіт Исабаев провел прием граждан по личным вопросам.



Так, жительница города Уштобе Каратальского района Зауре Карипова с 2019 года владеет строительным магазином, расположенным на территории центрального рынка (хозяйин – Ж.Кусаинов). Главный вход магазина находится со стороны рынка, другой обустроенный выход – со стороны ул. Шорабаева, которая также в собственности владельца рынка. Из-за разногласий с последним к магазину со всех сторон нет доступа. Просьба – решить эту проблему.

По словам заместителя акима Каратальского района, в сентябре текущего года районным акиматом проведена встреча с жителями ул. Шорабаева и принято решение о принудительном отчуждении участка улицы для обеспечения проезда. Срок установлен, владельцу рынка направлено соответствующее уведомление. Пр решении данного вопроса вход к магазину со стороны улицы будет открыт. Глава региона Бейбит Исабаев поручил акиму района и заместителю прокурора области найти пути решения данного вопроса.

Орик Отунчинова (мать-одиночка, имеет взрослого сына) из города Ушарал Алакольского района обратилась с жилищным вопросом. В 2019 году она отказалась от 2-комнатной квартиры, объясняя отказ неудовлетворительным состоянием жилища. После была снова восстановлена в очереди. В августе текущего года ей выдали ключи от 1-комнатной квартиры, но она не стала подписывать договор по той же причине, как и в первом случае, и недостаточной площади для проживания с сыном.

Аким области Бейбит Исабаев посоветовал женщине получить квартиру, в противном случае, по решению жилищной комиссии, она может остаться без жилища. Вместе с этим поручил акиму Алакольского района привести квартиру в надлежащее состояние, проведя в ней необходимые ремонтные работы.

Талдыкорганец Назим Новрузов обратился с просьбой определения ему группы инвалидности из-за состояния здоровья. Он состоит на учете в Талдыкорганской городской поликлинике. В 2023 году врачебно-консультативной комиссией медучреждения все необходимые документы были направлены на медико-социальную экспертизу для установления группы инвалидности, в чем было отказано.

Глава региона обратился к руководителю управления здравоохранения с поручением провести повторное обследование состояния здоровья Н.Новрузова и к руководителю управления занятости и социальных программ – оказать помощь в назначении АСП и выделении продовольственной корзины.

Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО ХЛЕБ С ТОРГОВОЙ МАРКОЙ «АЛТЫН ЕМЕЛ»

Компания ТОО «SardarExport» создана в 2012 году, расположена на территории города Талдыкорган. Предприятие занимается переработкой зерна, производством муки высшего, первого и второго сортов под торговой маркой «Алтын емел», мощностью до 50 тонн муки в сутки. Имеет пекарню по производству хлеба и хлебобулочных изделий, мощностью 25 тыс. единиц хлеба в сутки.



Все оборудование предприятия зарубежного происхождения - Россия, Италия, Турция. Ассортимент комбината разработан с учетом самых разнообразных предпочтений покупателей.

В целях расширения цеха по производству хлеба и хлебобулочных изделий компания получила кредит в АО «Народный Банк Казахстана» под 8%. В рамках программы «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021- 2025 гг.» по инструменту «субсидирование» была снижена процентная ставка по кредиту, а также была предоставлена гарантия Фонда «Даму».

На сегодня хлебокомбинат с торговой маркой «Алтын емел» обслуживает более 450 торговых точек в городе Талдыкоргане, моногороде Текели и близлежащих селах Ескельдинского и Коксуского районов.

РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА БЛАГА ЦИВИЛИЗАЦИИ ПРИХОДЯТ В ГЛУБИНКИ

На прошлой неделе аким области Жетісу Бейбіт Исабаев посетил самый отдаленный сельский округ Каратальского района – Байшегерский, который на протяжении десятилетий испытывал проблемы отсутствия хорошей дороги, качественной питьевой воды и социальных объектов.

В первую очередь глава региона проехал по участку дороги Уштобе – Алмалы – Копбирлик. Ее общая протяженность составляет 176 км, ремонт проведен на 137 км, из них 78,5 км – в текущем году. Оставшаяся часть дороги находится в хорошем и удовлетворительном состоянии.

В частности, на участке дороги от села Копбирлик до села Алмалы, протяженностью 28 км, в 2021 году проведен средний ремонт. Остальное дорожное строительство было разделено на четыре отрезка.

– В прошлом году был отремонтирован участок от 5 км по 35 км общей протяженностью 30 км. Завершены ремонтные работы на втором, третьем участках трассы, которые сдаются в эксплуатацию. В настоящее время на 90–147 км автодороги, где проводился ремонт 40 км участка, работы по укладке асфальта также подошли к завершению. На данном этапе ведется благоустройство – укрепление обочины, установка знаков. До 10 ноября данный участок будет введен. Таким образом, на всех указанных участках дороги Уштобе – Алмалы – Копбирлик асфальт уложен. Общая стоимость проекта – свыше 4,9 млрд тенге, дорога III категории, ширина проезжей части составляет 7 метров, – доложил главе региона руководителю управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Галымжан Дарибаев.

Выслушав докладчика и отметив качество проведенного ремонта, Бейбит Исабаев выразил благодарность подрядной организации за своевременное завершение важного объекта.

– На одной из встреч с населением местные жители подняли проблему состояния дороги до села Копбирлик. В связи с этим нами были приняты меры по приведению дороги в соответствие. На сегодня ремонт полностью завершен. Учитывая, что в этом направлении тяжелого грузового транспорта ездит не так много, дорога будет служить порядка 10 лет, сделана она качественно, – сказал аким области.

Своим мнением поделились и направляющиеся в город Уштобе местные жители.

– До наших сел дорога почти 30 лет как надо не ремонтировалась. Сегодня жители Копбирлика и Алмалы очень довольны и благодарны. Ремонт проведен качественно, до города Уштобе теперь можно добраться за 1,5 часа, чего ранее никогда не было, – отметили они.

Далее глава региона встретился с жителями села Копбирлик, которые поделились первоочередной радостью: наконец-то у них есть качественная питьевая вода. Последние годы сельчанам приходилось пить соленую воду,



несмотря на имеющийся централизованный водопровод.

Напомним, в 2010 году в селе была проведена реконструкция системы водоснабжения со строительством новых сетей, прорыта скважина глубиной более 100 метров и установлена опреснительная установка. Несмотря на принятые меры, в последние годы уровень солености воды вырос с 5,9 до 8 граммов на литр, что создало беспокойство для населения.

В связи с этим по поручению акима области Бейбита Исабаева из бюджета были выделены средства и приняты необходимые меры для решения проблемы. В частности, проведена реконструкция 2 км сетей, произведена замена задвижек, установлены новая водонапорная башня и модернизированная опреснительная установка более высокой мощности, способная опреснять воду даже при уровне солености 12 граммов на литр.

– Питьевая вода – залог здоровья, поэтому ее качество играет самую важную роль. Последние несколько лет в нашем ауле качество питьевой воды было плохим. Благодаря Вашей поддержке в этом году эта многолетняя проблема решена. Население довольно, – поделились своим мнением жители села, к которым, как к хозяйкам, обратился глава региона.

К слову, он и сам попробовал на вкус качество воды. Дав хорошую оценку, Бейбит Исабаев подчеркнул, что работа по улучшению качества жизни населения будет продолжена.

– Копбирлик – один из самых отдаленных пунктов региона. В рамках исполнения поручения Президента страны мы уделяем внимание благоустройству и развитию не только ближайших к областному центру населенных пунктов, но и отдаленных сел. Для повышения качества жизни населения в первую очередь нужны хорошая питьевая вода, дороги, свет и социальные объекты. Люди должны почувствовать улучшение не на словах, а на деле. Сделали дорогу, ведущую в ваше село, решили проблему с качеством воды, построили новые физкультурно-оздоровительный комплекс, сельский акимат. Теперь, учитывая ваши просьбы, построим Дом культуры с библиотекой, а также пожарное депо для сельского округа с выделением одной единицы спецтехники, продолжим работу по ремонту улиц и проведению освещения, – отметил глава региона.

В свою очередь сельчане выразили благодарность за оказан-

ную поддержку, отметив, что он – первый аким, специально приехавший в отдаленный аул. Вместе с этим высказали просьбу о строительстве детской и воркаут-площадок на территории нового спорткомплекса, выделении микроавтобуса для транспортировки детей в районный и областной центры на различные соревнования. Обсудили проблемы состояния дороги протяженностью 2,5 км до озера Балхаш и сбыва промысловой рыбы. Поддержав озвученные сельчанами предложения, аким области дал соответствующие поручения акиму района и ответственным лицам.

После аким области Бейбит Исабаев встретился с жителями села Алмалы, отметив, что у них будут построены сразу три новых социально значимых объекта: Дом культуры, врачебная амбулатория на 50 посещений в смену и спорткомплекс.

– В вашем ауле школа и больница есть, теперь построим современную врачебную амбулаторию и Дом культуры. В том году новую машину скорой помощи передали в село Копбирлик, а в этом году – Алмалы. Будем ремонтировать внутренние дороги и уделять внимание уличному освещению. Учитывая ваши просьбы, принято решение построить и спорткомплекс по типовому проекту в соответствии с количеством населения. В целом, в первую очередь мы принимаем меры по улучшению сельской инфраструктуры, во-вторых, уделяем внимание строительству социальных объектов. Теперь необходимо реализовать на местах малый и средний бизнес, сельское хозяйство. В этом направлении государственная поддержка тоже оказывается, в том числе в рамках программ «Ауыл – ел бесігі» и «Ауыл аманаты». Населению необходимо пользоваться предоставляемыми возможностями, – подчеркнул глава региона.

Кроме этого, по его словам, в следующем году будет проведена реконструкция моста возле села Алмалы на 145 км дороги Уштобе – Алмалы – Копбирлик.

Отметим, в этот же день в рамках рабочего визита в Каратальский район аким области Бейбит Исабаев ознакомился с ходом капитального ремонта блока «Б» районной поликлиники, а также посетил открытый недавно военкомат нового типа в городе Уштобе. Также в селе Ескельды глава региона проинспектировал ход возведения блочно-модульных ФОКА и дома культуры.

Материалы подготовила
Алма УРАЗАЕВА
Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Аптаның алғашқы күні Талдықорған қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өткізілді. Комиссия назарына әлеуметтік осал отбасыларға және көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету, әйелдер жұмыссыздығын азайту жөніндегі шаралар, «Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген көмек, репродуктивті генсаулықты қорғау, ерте және қаламаған жүктіліктің, жыныстық жолмен берілетін инфекция мен адамның иммунитет тапшылығы вирусы (ЖЖБИ/АИТВ) берілуінің алдын алуға бағытталған жұмыстардың нәтижелері мен жоспарлары ұсынылды.



Бірінші мәселе бойынша назарға алынған сандарға көз жүгіртсек, «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы көмекке мұқтаж 1569 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алса, 2517 азамат мемлекеттік әлеуметтік көмекке ие болған. 71 аз қамтылған отбасының коммуналдық шығындарын өтеу үшін 2 млн 219 мың 288 теңге мөлшерінде көмек тағайындалған. Сонымен қатар мүгедектері бар 178 балаға үйде оқыту шығындары тағайындалып, төленген. Бұл туралы «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы Мәди Шәкенов баяндады. Әлеуметтік осал топтарға жататын жандар ерқашан аталмыш мекеме арқылы қажеттіліктеріне қол жеткізіп келеді. Жыл басынан бері 1126 мүгедектері бар азаматқа протездік-ортопедиялық құралдар беріліп, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы 698 азамат жеке көмекші қызметімен қамтылған. Сонымен қатар 3107 адамға техникалық көмекші құралдары беріліп, нашар еститін 187 азаматқа ымдау тілі мамандары қолдау танытуда. Шағын мемлекет саналатын отбасында түрлі жағдайларға байланысты қиындыққа тап болатын азаматтар да жоқ емес. Әйелі мен балаларының шырқын бұзып, «далабезер» атандыратын әкелер де бар. Мемлекеттік мекеменің құзырына «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған бейімдеу орталығы» коммуналдық мекемесі және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де қарайды. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелерінде 113 мүгедектері бар бала мен 284 жалғыздікті қарт есепке алынған. Оларға 8 түрлі әлеуметтік қызмет көрсетіліп отыр. 55 адамдық Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығынан 9 айдың көлемінде 139 азаматқа, оның ішінде 37 әйел мен 95 балаға қолдау көрсетілген. Яғни, 55 әйел мен 20 балаға арналған орталыққа көмекке мұқтаж болып келгендерге әлеуметтік құқықтық, еңбекпен қамту, экономикалық, тұрмыстық, медициналық, психологиялық көмек беру түрлері қарастырылған. Азаматтардың жекелеген санаттарына консультациялық қызметтер кешенін ұсынумен қатар, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыға психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсетумен айналысатын «Жанұя» отбасын қолдау орталығына 518 адам жүгініп, оларға мамандар қажетті қызмет түрлерін көрсеткен. Жалпы, жыл басынан бері 2954 жұмыссыз әйел жұмыспен қамтылғаны белгілі болды. Мектеп жасындағы оқушыларды біліммен толық қамтамасыз ету және аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларды оқуға дайындау, балалардың түрлі себептермен мектепке бармай қалуының алдын алу мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында 2072 бала мектеп формасымен және мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтылыпты. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп, халқымыз тағылымды әке мен тәлімді ананың тәрбиесімен сусындап өскен ұл-қыздың болашақта қоғамнан өзіндік орнын ойып аларына сенімді болған. Отбасылық құндылықтың маңызы мен мәнін ұрпаққа терең түсіндіруді борышы санаған. Бірақ «өттеген-ай» дегізетін жағдайларды мамандар тарапынан естігенде еріксіз қынжыласың. Қазіргі таңдағы кейбір жастардың болашақтарына бейжай қарап, дүниеге некесіз бала әкелуі жиі кездесетін құбылысқа айналып бара ма, қалай? Себептері көп-ақ. Алайда, тағдырдың төлкегіне түскен ұл-қызына бірінші болып көмек беретін әке-шеше емес пе?! Желнұсынан жылудық таппаған облысымыздың қыздары қаламыздағы «Аналар үйі» ҚҚ паналауға мәжбүр. Оларды тіркеуге тұрғызып, құжаттарын жасау, сәбилерінің қажеттіліктерін алып беру тағы да жауапты мекемелердің мойындарында. «Аналар үйі» ҚҚ, қаламыздағы емханалар қызметкерлері әкімдікпен бірлесіп отырып, балалардың болашағының дұрыс қалыптасуына барын салып бағады. Комиссия отырысында қаламызда бүгінде аса қажетті мамандықтың бірі «Әлеуметтік педагог» мамандарының тапшы болуына байланысты арнайы ұсыныс енгізу жолдары да қарастырылды. Жиынды қорытындылаған қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Жеңіс Андабеков баяндамаларды назарға ала отырып сала жетекшілеріне тапсырмалар берді.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ЖАСТАР САНАСЫ УЛАНБАСЫН

Жетісу облысы Жаумағында облыстық дін істері басқармасы және «Болошақ бағдары» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ақпараттық түсіндіру тобын ұйымдастырып осы құрамның жұмысын үйлестіру және біліктілігін арттыру мақсатында Талдықорған қаласында бір жеті бойы семинар өткізілген еді.



Осы ақпараттық түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен Талдықорған қалалық ардагерлер үйінде «Деструктивті діни ағымдардың жастарға кері әсері» тақырыбымен кеңейтілген жиын өткізілді.

Жиынға қатысқан ардагерлер алдында сөз сөйлеген АТТ мүшелері Шалқар Оразбаев, Әділет Рынтаев, Мұратбек Қожабеков қазіргі мына жаһандану заманында жастарымыздың санасын ұлап теріс ағымға тартып әкететін топтардан сақтана білу жолдарын түсіндірді.

Біз балаларымыз бен немерелеріміздің арақ, темекі сияқты жаман әдеттерден бойын аулақ ұстап мешітке барып жүргеніне қуанғанымызбен адамның санасын кері бағытқа тартып әкететін әртүрлі деструктивті діни ағымдардың қармағына түсіп қалуы мүмкін екенін де ойластыруымыз керек.

Қазіргі уақытта осындай теріс ағымдардың өсерінен санасы уланып өзінің ата-анасына, қоғамға

қарсы пиғыл танытып жүрген жастарымыздың іс-әрекеттерін күнделікті ақпарат құралдарынан көріп-естіп жүрміз.

– Біз, аға ұрпақ өкілдері ардагерлер осындай қазіргі уақытта белең алып тұрған келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында тәрбиелік, өнегелік жұмыстарды жүргізе беруіміз керек. Өскелең ұрпақты жақсылыққа, отансүйгіштікке баули білу парызымыз екенін ұмытпауымыз керек, – деді өз сөзінде ардагер ұстаз Гүлжамаш Есенбаева.

Кездесуге қатысқан ардагерлер бұл бастаманың өз уақытында қолға алынып отырған мағыналы да өзекті мәселе екенін атап өтіп, алдағы уақытта да, күн тәртібінен қалдырмау керектігіне назар аударды.

М. ҚОЖАБЕКОВ,
қалалық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары

ҚҰНДЫЛЫҚ

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ҰЛТ ПЕН ДІН ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Ата Заңда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп көрсетілген. Ұлттың жан-жақты білімі, рухани байлығы – аса маңызды мәселе. «Дініміз бен дәстүрімізден жаңылмасақ, біздің бағындырар белесіміз де, алар асуымыз да көп болмақ». Бұл бағытта дін саласын реттеуге бағытталған заңнамалық актілер негізінде өңірде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, мәселелерді талдау, БАҚ-тағы жарияланымдарды құқықтық жағынан реттеудің әдіс-тәсілдерін үйрету бойынша шаралар жоспарлы түрде жүргізілуде.

АТТ құрамының мүшесі, Жетісу университетінің жобалық кеңсе басшысы Мирас Абдрахим журналистер қауымымен жүздесті. Жиын барысында дінаралық келісім мен ұлттаралық татулықты сақтау мәселелері, деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша бірлескен жұмыстардың жүзеге асырылуы,

жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды насихаттау сынды өзекті тақырыптар қозғалды. Сонымен қатар, спикер дін мен зайырлы қоғамның үйлесімділігін арттыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты іс-шаралар, жастармен ұйымдастырылған жұмыс жөнінде де тілге тиек етті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

І.ЖАНСҮГІРОВКЕ – 130 ЖЫЛ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ

Жуырда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті Жетісу облысы әкімдігінің атсалысуымен Талдықорған қаласында Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» республикалық байқауын өткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл республикалық байқау – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді меңгерген қоғамдық белсенді азаматтарды ынталандыруға бағытталды.

Іс-шараға еліміздің 16 өңірінен келген білім беру саласының мамандары болып табылатын қазақ тілін жетік меңгерген этнос өкілдері қатысты.

Төрт кезеңнен тұратын байқау барысында қатысушылар қазақ тілінде өздерін таныстырып, қазақ әдебиетінің классигі Ілияс Жансүгіровтің мерейтойының тақырыбын ашып, қойылған сұрақтарға мазмұнды жауап берді және де қазақ тілінде мақал-мәтел сайысында бір-біріне дес бермеді.

Қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырларынан, филолог ғалымдардан құралған қазылар алқасы қатысушылардың дайындықтары мен қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалады.

Бас жүлдеге Қарағанды облыстық Ішкі істер басқармасы «Мәмле» қазақ тілінде тілдесу клубының мұғалімі Владислав Горизанов лайық деп табылды.



Ал I орынды Жетісу облысы Талдықорған қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Наурызгүл Сейтбекова иеленді.

Жүлделі II орын Алматы облысы Қарасай ауданы Ө.Байсалбаев атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Камран Бурсаловқа берілді. III орындар Қызылорда облысы Қалжан Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Наталия Баркова және Астана қаласы Төлеген Айбергенов атындағы №16 мектептің мұғалімі Виктория Визновичке бұйырды.

Сондай-ақ, ынталандыру сыйлығын – Абай облысы Қарауыл ауылы Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Умут Ниязова, түркістандық Айдын Рахматұллаева мен керекулік Ольга Коляда иеленіп, қуанышпен қайтты.

Бірінші орын иегері атанған талдықорғандық мұғалім Наурызгүл Азизбекқызын жүлдесімен құттықтаймыз.

Өз тілшіміз

ӘБЕН ДӘУРЕНБЕКОВКЕ – 85 ЖЫЛ ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ТҰҢҒИЫҒЫ



Поэзия әлеміне көз салсақ, қазақ халқының арман - мұраты, шаттығы мен қайғысы ең алдымен ақын жүрегіне жиналған, ақын өлеңдеріне арқау болған.

Ақын Әбен Дәуренбеков Талдықорған облыстық (бұрынғы «Октябрь туы»), «Жерұйық» газеттерінде бөлім меңгерушісі, мектептерде мұғалім болып қызмет істеген. Қазақстан Жазушылар Одағының «Аққұс» қауымдастығының төрағасы қызметтерін атқарған. Қазақтың дарынды ақыны Әбен Дәуренбековтың туғанына 85 жыл толуына орай 3-ші бөлімшедегі №7 кітапхана филиалының ұйымдастыруымен «Қазақ жырының тұңғығы» атты поэтикалық марафон мектеп оқушылары арасында өткізілді. Іс-шара барысында кітапханашы Әбен Дәуренбековтың өмірі мен еңбек жолына, шығармаларына тоқталды. Ол оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Шараның мақсаты – оқушыларды Әбен Дәуренбековтың шығармашылығымен таныстыру және шығармаларын насихаттау, Отанын, туған жерін, табиғатты сүйуге, ата-ананы құрметтеуге шақыру.

Күміс ЖҰМАДІЛҚЫЗЫ,
3-ші бөлімшедегі №7 кітапхана
филиалының кітапханашысы

БОЛАШАҚ

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бола-біздің болашағымыз. Өскелең ұрпақ тәрбиесі рухани даму қасиетімен байланысты болғандықтан да қай кезде болмасын өзекті мәселе. Айтар болсақ, тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты.

Ел «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарлама біздің балабақшада жоспармен жүзеге асырылуда. Мәселен, «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбындағы шаралар балалардың ынтасы мен шығармашылығын шыңдауға көмектеседі. Тіпті «Жарысқа шық жаңа» тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге өткізілді. Әр тақырып өте маңызды. «Еңбегі адал жас ерен» - балаларды еңбексүйгіштікке, еңбекті қадірлеуге шақырады.

Ең бастысы әр баланың сана-сезімі жаңғыруына аса зор мән берілген. Біртұтас тәрбие ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелейді. Сондай-ақ, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, отаншылдыққа тәрбиелеу, жақсылыққа, мейірімділік пен қамқорлыққа, әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулиды. Құқықтық мәдениет қалыптастыра отырып, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа бағыттайды. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді қолдануға және еңбекқорлыққа баулиды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасы қолға алынған. Бұл балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруда.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының биылғы жылға жоспары құрылып, мақсат-міндеттері айқындалды. Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту, парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру, ұлттық мүддені дамыту, білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарламаның құндылығы – бірлік және ынтымақтастыққа, тәуелсіздік және отаншылдық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

Құзыреттілігі – ұлттық мүддені дамыту, тиімді коммуникация, қоғамға қызмет, азаматтық борыш және парасаттылық.

Бағдарлама мазмұны-білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту.

Қазақтың салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі өлмес мұра. Сондықтан да қазақтың ою-өрнегінің мән-мағынасын білдіру де парызымыз. Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға да зор көңіл бөлінуде. Табиғатқа жанашырлық, үй жануарларын қорғау, нанды қадірлеу, су мен энергияны үнемдеу заңдылықтарына баулу мақсатында көптеген шаралар қолға алынууда. Ал жалпы алғанда, мектепке дейінгі ұйымдарда бала қауіпсіздігіне басты назар аударылады. Ал қауіпсіздік ережелері, жол белгілерімен таныстыру- басты мақсатымыз.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұлға бойына шоғырланған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында, біздің тәрбиешілер балабақшада тәрбиеленушілерді қараусыз қалдырмайды. Таңертең жұмысқа кіріспес бұрын топтағы үй-жайларды қарап шығады. Тәрбиеші оқу іс-әрекетке кіріспес бұрын, қауіпсіздік ережелеріне басты көңіл бөледі. Оқу процесінде баланы өмірге бейімдеуге үлкен мән беріледі. Тәрбиешілер балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрету мақсатында заттық кеңістік орталықтар ұйымдастырған. Бұл қауіпсіздік бұрыштары балалар қиялымен астасқан.

Тәрбиеші балаларға жол қозғалысы қауіпсіздігін айту, өмірде кездесетін төтенше жағдайларда, өрт, жер сілкінісі және де басқа жағдайда қалай қорғану керек, қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйретіп отырады.

Ал көшеде балалар өздерін қалай ұстау керек? Топтан ажырап қалмау керектігі түсіндіріледі.

Сыртқы серуенде, экскурсия кезінде тәрбиеші жол ережесін қатаң сақтауы керек. Жол ережесін балаларға алдын ала түсіндіру жұмыстары өтеді.

Жас ұрпақты адалдыққа, еңбекқорлыққа, табиғат пен қоршаған ортаны қадірлеуге баулу - Біртұтас тәрбиенің негізі.

Самал АЛИЕВА,
№13 «Құралай» құрама үлгідегі
бөбекжай бақшасы әдіскері

ОРТАҚ МҮДДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 4-тармағында әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі делінген.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабының 4-тармағында сұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін деп белгіленген.

Бұл ретте, көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) беріледі немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленеді. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 108-бабының талабы бойынша жұмыскерге үстеме жұмыс істегені үшін ақы төленеді немесе тынығу сағаттары беріледі. Бұл ретте, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Егер де мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылса онда мемлекеттік қызметшінің келісімі және тиісті мекеме басшысының бұйрығы болуы қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысы бойынша тиісті құжаттар болмаған жағдайда, яғни (бұйрық, мемлекеттік қызметшінің келісімі) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 89-бабына сәйкес, лауазымды тұлғаға (бөлім немесе мекеме басшысы) бірінші ескерту түрінде хаттама толтырылады, дәл сондай іс-әрекет бір жылда қайталанатын болса 40 айлық есеп көрсеткіш бойынша айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2023 жылғы 29

мамырдағы №121 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттері мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті тұрақты негізде жүргізеді.

2024 жылдың 3 тоқсанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен үстеме жұмысқа заңсыз тарту фактісі бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізу барысында жергілікті атқарушы органдардың басшыларына ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 89-бабына сәйкес, ескерту түрінде әкімшілік хаттамалар толтырылып, 15 мемлекеттік қызметкерге үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары беріле отырып, оқшылықтың орны толтырылды.

Сонымен қатар, департаментпен мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бойынша қашықтықтан жүргізілген мониторинг нәтижесінде 40 мемлекеттік қызметшілері заңсыз үстеме жұмысқа тартылғандары анықталды.

Қорытындысы бойынша, орын алған бұзушылықтарға жол бермеу және қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру бойынша әкімдіктің басшылығына ұсыныс енгізе отырып, мемлекеттік қызметшілерге тынығу сағаттарын беру арқылы бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік органдардың басшылары еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс екенін атап өткен жөн.

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметшілердің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі басты назарда. Ол барлық мемлекеттік органдардың назарында болуы керек деп есептеймін.

Қ. МАНАП,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы бойынша
департаментінің басшысы



JETISY
ADALDYQ ALAŇY

ПАРА АЛУШЫ ДА, БЕРУШІ ДЕ – ҚЫЛМЫСКЕР

Сыбайлас жемқорлық – заман сағысымен бірге көбейіп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел қоғамның бақытты болашағын тежеуі, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

ҚР-ның заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Яғни, қызметтік өклеттілігін теріс пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрнеу жалған жауап беру немесе жауап беруден жалтару, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе сот актілерін орындамау осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық, яғни сыбайластық байланыстарды пайдалану жолымен жасалады.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың мына тұжырымдары да жарқын мысал болады. «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Соңғы жылдары жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай

нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде», – деді Президент.

Өлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі – заң алдында барлық адамдардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан заң алдында жауапкершілікке бірдей тартылады. Осыны азаматтардың көпшілігі түсіне бермейтін сияқты. Өйткені, сот процестері барысында «Мен осындай жауаптылыққа тартылатынымды білсем мұндай әрекетке аттап баспас едім ғой» деп күйінішті күйге түседі. Сондықтан тағы да еске сала кеткеніміз артық болмас. Пара алушымен қатар, пара беруші де, тіптен осы жағымсыз әрекеттің орын алуына делдал болған адам да бірдей жауапқа тартылатынын тағы да еске сала кеткіміз келеді. Мұнан да сорақысы, кейде рахметімді айтам деп кейбір қарапайым азаматтардың өздері де лауазымды тұлғаның пара алуына себепкер болып жатқан жағдайларды да процестер барысында кездестіріп жатамыз. Ендеше, әркім білместіктің салдарынан опық жеп қалмау үшін өзінің құқықтық сауаттылығын жетілдіріп отырса нұр үстіне нұр болар.

Олжас АСАНОВ,
Талдықорған қаласының
мамандандырылған
тергеу сотының аға сот приставы

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

«AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамымен қаржылық сауаттылық курсы ұйымдастырылды.

Шекара сақшыларына қаржы сарапшысы Сая Сағынғалиева бес күн бойы жеке және отбасылық бюджетті құрастыру, тауарлық несие мен қызметтерді алу мүмкіндігі, несие мен

қарыздың тұзағына түспеу жолдарын талдай білу туралы ақпарат жеткізді. Несие нарығын талдап, дұрыс және тиімді шешім қабылдау үшін несиелеу шарттарын түсіну мен қаржылық инвестиция құралдары, жалған компаниялардың алаяқтық әрекеттерін ажырата білу тақырыптарын кеңінен тарқатты. Шекара сақшылары ендігі кезекте қаржылық сауаттылық бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде пайдаланатын болады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

САЛАУАТТЫЛЫҚ – ТӘН МЕН ЖАННЫҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ

Салауатты өмір салты ұғымына сәйкес жібелі қарсақ, оның шынайы мағынасы әлдеқайда терең, кең мазмұнды. Күндізгі қарапайым өмірде тек қана шылым шекпеу, арақ-шарап ішпеу ғана салауаттылық секілді көрінеді.

пынан толық жағдай жасау.

Созылмалы немесе асқынған түріне көшуіне жол бермеу, дәрігер белгілеген түрлі тексеру мен ем-домдарды мұлтіксіз орындауы, дұрыс түсініп қабылдауы, емдеуші дәрігермен бірлесіп отырып, өз бойындағы дерттен толық, тез айығуына барлық мүмкіндікті пайдалануы.

Үшіншіден, кезекті алдын алу дегеніміз – қандай да болмасын созылмалы немесе ауыр сырқаттың одан әрі дендеп асқинуына тосқауыл қою және соған байланысты өлім-жітімді азайту, болдырмау шаралары.

Денсаулық тек ауру-сырқаудан аман болу ғана емес. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының берген анықтамасында денсаулық – бұл адам ағзасында ауру болмауы ғана емес, денсаулық-адамның тәнінің, жанының, рухани дүниесінің гармониясы делінген.

Медицина ғылымында медициналық белсенділік деп аталатын жақсы категория бар, оның мәні тіпті дені сау адамның да алдын ала дәрігерлік қарапайым байқаудан өтіп, өзінің денсаулығының көрсеткіші қандай дәрежеде екенін біліп, пайдалы кеңестер алып, өз денсаулығын нығайту үшін өз үлесін қосуы. Ал белгілі бір ауру көріністері білінген кезде немесе қандай да бір өзгерістер байқалған кезде дереу дәрігерге қаралып, тиісті шараларды дер кезінде қолдануы.

Сонымен құрметті халайық, салауатты болуға ұмтылу, денсаулықтың қуатты, көңіл-күйдің шуақты болуы сіз үшін де, қоғам үшін де асыл қазына екендігі ұмытылмаса екен.

Қазкен САУЛЫЧИКОВА,
Жоғары санатты дәрігер,
«Алтын дәрігер» төс белгісінің иегері
Денсаулық сақтау ісінің үздігі

МЕКТЕП СӨМКЕСІН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ?

Бірінші сынып оқушысы немесе бастауыш мектеп оқушысы үшін сөмкені таңдау өте маңызды.

Арнайы тірегі бар, артқы жағы қатты, омыртқаға түсетін салмақ пен қысымды бірдей бөлетін және омыртқаны қысыптып, баланың арқасын түзу ұстауға арналған ортопедиялық ранецті таңдауға кеңес береміз. Иықбаулары ауыр салмақтан баланың иығын қып кептейтіндей ыңғайлы материалдан жасалған, жалпақ болуы тиіс, тұтқалары ұзындығы бойынша реттелетін болуы керек, бала оны арқасында тек екі иықбаумен асынуы тиіс, бұл ретте баланың белі мен мойнын қыспауы қажет.

Мектеп сөмкесінің өлшемі мен салмағы баланың бойы мен жасына сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар сөмкені таңдаған кезде жарықтан шағылысатын арнайы белгілердің болуына көңіл аудару керек, бұл жолдан өту кезінде қауіпсіздік үшін қажет. Жүргізушілер қараңғы түскен кезде немесе нашар жарықтандырылған жерлерде жолдан өтіп бара

жатқан баланы бірден байқайтын болады.

Кеден одағының техникалық регламенттерінде 007/2011 оқушыларға арналған портфельдері мен рюкзақтарының алдыңғы, бүйір беттерінде және жоғарғы клапанында жарық шағылыстыратын элементтері бар бөлшектері және (немесе) фурнитурасы болуы және қарама-қарсы түсті материалдардан жасалуы тиіс екендігі көрсетілген. Бұл барлық рюкзақтарда, тіпті орта мектеп оқушыларына арналған рюкзақтарда болуы тиіс. Ол жасалған материал, рюкзақ жеңілі, мықты, су өткізбейтін жабыны және тазалауға ыңғайлы болуы керек.

С. АХАН,
«Талдықорған қалалық санитариялық
эпидемиологиялық бақылау басқармасы»
РММ басшысы
А. БАЗАРҒАЛИ,
«Талдықорған қалалық санитариялық
эпидемиологиялық бақылау басқармасы»
РММ бас маманы

БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҒЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Ойыншықтар балаларды қуанттып, бақытқа бөлейді. Бірақ әрбір ата-ана ойыншық сатып алар кезде, бала өміріне қауіптілікті ол қауіпсіз екеніне көңіл бөле бермейді. Ең үлкен қауіп тудыратын бояғыш заттар болып табылады, оның құрамына формальдегид, фенол, феноксил, метил, изобутират және т.б. кіреді. Кішкентай балаларға ең қауіпті зиянды «тосын сый», ойыншықтардың дәмін татуға тырысады, бұл балалардың бүйректері, бауырлары, асқазандары, иммундық жүйесіне қауіп төндіреді, сондай-ақ әр түрлі аллергиялық реакциялық әсері болуы мүмкін. Қауіпті өнімді сатып алмау үшін, ең жақсы шешім – ол сатушыдан сәйкестік сертификатын талап ету. Қапталған ойыншықтарға назар аударыңыз, алайда сіз бояуы немесе лак заттардың түскенін көрсетіңіз, ондай сыйлық алмағыңыз жөн.

Ойыншықтардың сәйкестігі, Кедендік одақтың 008/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіне сәйкес расталады. Сәйкестік рәсімінен өткеннен кейін Кеден одағының бірыңғай нысаны бойынша тек қана сәйкестік сертификаты беріледі. Сәйкестік сертификаты бүкіл Кеден одағында жарамды болып табылады.

Ойыншықтар Еуразиялық экономикалық бірыңғай белгісімен таңбалануы тиіс. Бірыңғай белгі ойыншықтардың өзіне және (немесе) қаптамаға (жекеше, топтық) және (немесе) заттабаға, медальон, затбелгіге, қосымша парақшаларға, сонымен қатар оған қосымша әкелінетін құжаттарында келтіріледі. Аталған регламенттің 4 бабы бойынша ойыншықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар көрсетілген. Ойыншықтар пайдаланылған кезде балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей өндіру қажет. Оның құрылымы, пайдаланылған материалдар,

физико-механикалық қасиеттері, тұтанғыштығына, химиялық қасиеттеріне, токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштеріне, электрлік қасиеттеріне, радиациялық, микробиологиялық қауіпсіздіктеріне талаптар қойылады. Ойыншықтарды қолдану балалардың жас айырмашылығына байланысты болуы керек. 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтарға табиғи тері, шыны, фарфор, түкті резеңке, өлшем ылғалды ортада 5%-дан асып ұлғаятын, сылдырмаққа ұқсас ойыншықтарды қолдануға жол берілмейді. Тұтынушыға арналған ақпарат таңбалануды оқығанда өте жеңіл, тексерілген, анық қарағанда және әйтектендіргенде қолжетімді болуы шарт.

Талдықорған қаласы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің шығарылуына және айналымына жол бермеу мақсатында қажетті шаралар жүргізіліп отырады. 2020 жылдың 6 айында сауда орындарынан Талдықорған қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы мамандарымен ойыншықтардың 11 сынамасы сатып алынып, зертханалық тексеру жүргізу нәтижесінде 8 (72%) сынама техникалық регламенттерге сәйкес келмеді. Оның ішінде Қытай халық республикасында өндірілген 6 сынама қаптамасының таңбалануы, 2 сынама санитариялық-химиялық көрсеткіштері бойынша (формальдегид, этилацетаттың мөлшері нормадан жоғары) сәйкес келмеді. Сатушылардан ойыншықтардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары талап етіліп, сәйкес келмейтін ойыншықтар сатылымнан алынып тастау жөнінде тыйым салу шаралары жүргізілді.

Қорыта келе айтармыз, балаларыңыздың денсаулығына зиян келмесін десеңіз, ойыншықтарды сатып аларда қаражатты үнемдеудің қажеті жоқ. Өйткені, бағасы тым төмен ойыншықтардың сапасы да төмен.

А. БАЗАРҒАЛИ,
«Талдықорған қалалық санитариялық
эпидемиологиялық бақылау басқармасы»
РММ бас маманы

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ГЕЛЬМИНТОЗДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МЕЙІРГЕРДІҢ РӨЛІ

Гельминтоздар – балалар арасында кең таралған паразиттік аурулар, олар организмге теріс әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді. Осыған байланысты, балалар арасындағы гельминтоздардың алдын алу маңызды мәселе болып табылады. Мейіргерлер бұл үрдісте шешуші рөл атқарады, себебі олар білім беру, скрининг, алдын алу шараларын ұйымдастыру және отбасылық қолдау көрсету арқылы балалардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді.

■ **Білім беру және ақпараттандыру:** мейіргерлер балалар мен олардың ата-аналарына гельминтоздардың белгілері, себептері және алдын алу шаралары туралы ақпарат береді. Олар балаларды гигиеналық дағдыларға үйретіп, қол жуу, таза тамақтану және жеке гигиенаны сақтау маңызды екендігін түсіндіреді. Бұл білім балалардың гельминтоздарға қарсы күресте тиімді стратегиялар қалыптастыруына көмектеседі.

■ **Скрининг және мониторинг:** мейіргерлер балаларды гельминтоз белгілері бойынша скрининг жүргізу арқылы дер кезінде ауруды анықтауға мүмкіндік береді. Олар денсаулық жағдайын бақылап, қажет болған жағдайда қосымша тексерулер мен емдеу шараларын ұйымдастыруға қатысады. Скрининг процесі балалар арасындағы гельминтоздардың таралуын мониторингтеу үшін де маңызды.

■ **Профилактикалық шаралар:** гельминтоздардың алдын алу үшін мейіргерлер алдын алу дәрі-дәрмектерді тағайындауға қатысады. Олар балалардың денсаулығын қорғау мақсатында арнайы емдеу курстарын ұйымдастырып, дәрі-дәрмектерді уақытында беруін бақылап отырады. Сондай-ақ, мейіргерлер мектептер мен балалардың ойын алаңдарында тазалықты сақтау шараларын жүзеге асырады.

■ **Отбасылық алаңдау:** мейіргерлер гельминтоздардың алдын алу үшін отбасылармен тығыз жұмыс істейді. Олар ата-аналарға алдын алу шараларды түсіндіріп, балалардың денсаулығын қорғау үшін отбасылық деңгейде қажетті шараларды қабылдауға көмектеседі. Салауатты өмір салтын насихаттау арқылы мейіргерлер ата-аналарды дұрыс тамақтану, гигиена ережелерін сақтау және балалардың қауіпсіздігіне назар аударуға ынталандырады.

■ **Қоғамдық денсаулық сақтау:** мейіргерлер қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларына қатысып, гельминтоздарға қарсы шараларды ұйымдастыруға белсенді түрде атсалысады. Олар гельминтоздардың таралуын бақылап, алдын алу шараларын жүзеге асыра отырып, қоғамда гигиеналық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстық жұмысты қорыта келе, балалар арасындағы гельминтоздардың алдын алу мейіргерлердің кәсіби қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Мейіргерлер білім беру, скрининг, алдын алу шараларды ұйымдастыру және отбасылармен жұмыс істеу арқылы балалардың денсаулығын қорғауға үлкен үлес қосады. Олардың жұмысы қоғамдық денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу мақсатында маңызды болып табылады.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр 512-топ
Білімгер: Назарқұл А.Р.
Ғылыми жетекшісі: Сағындықова Ж.А.

МЕЙІРГЕР ІСІН ОҚЫТУДАҒЫ ТРЕНДТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Қазіргі кезде денсаулық сақтау саласы қарқынды дамып, сонымен бірге мейіргер ісін оқыту да өзгеріске ұшырауда. Бүгінгі таңда мейіргер мамандарын сапалы даярлау үшін жаңа технологиялар, инновациялық әдістер мен оқыту трендтері кеңінен қолданылуда. Бұл мақалада мейіргер ісін оқытудағы заманауи трендтер мен инновациялар, олардың білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға әсері мен маңыздылығы талқыланады.

Мейіргер ісін оқытудағы заманауи трендтер: цифрлық технологиялар мен онлайн платформалар онлайн білім беру платформалары мейіргер ісі бойынша теориялық білімді қашықтан алуға және виртуалды зертханаларда тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алушыларға уақыт пен орынға тәуелсіз білім алуға жағдай жасайды. Жаңа платформалар, мобильді қосымшалар және веб-сервисер ақпаратқа оңай қол жеткізуді және дәрістер мен оқу материалдарын кез келген уақытта қарауды жеңілдетеді.

Симуляциялық оқыту – мейіргер мамандарын дайындаудағы ең маңызды әдістердің бірі. Оқушылар симуляциялық ортада, яғни арнайы манекендермен немесе виртуалды модельдермен жұмыс істей отырып, нақты клиникалық жағдайларды имитациялайды. Бұл әдіс студенттерге клиникалық жағдайларға психологиялық және тәжірибелік тұрғыда дайындалуға көмектеседі.

Виртуалды және қосымша шынайылық (VR/AR) технологиялары білім алушыларға шынайы өмірге жақын тәжірибені ұсынады. VR/AR арқылы күрделі медициналық манипуляцияларды қауіпсіз үйренуге, күрделі операциялар жасауға немесе жедел көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Бұл әдіс студенттердің қызығушылығын арттырып, теория мен тәжірибені тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту және мобильді оқыту студенттерге физикалық түрде қатыспай-ақ білім алуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мобильді оқыту (m-learning) да танымалдылыққа ие болуда, бұл білім алушылардың оқу материалдарына кез келген құрылғы арқылы қол жеткізуіне жағдай жасайды. Бұл әдіс оқытуға икемділік пен ыңғайлылық береді, әсіресе қашықтағы немесе жұмысбасты студенттер үшін тиімді.

Пәнаралық оқыту және командалық жұмыс дағдыларын дамыту мейіргерлерге басқа медицина мамандарымен, дәрігерлермен, фармацевтермен және басқа да денсаулық сақтау мамандарымен бірге жұмыс істеуді үйретеді. Бұл тәсіл оқушыларды командалық жұмысқа дайындайды және болашақта медицина мекемелеріндегі ынтымақтастықты нығайтады.

Жеке бағдарлы оқыту әрбір студенттің өз ерекшеліктері мен оқу қарқынына сәйкес оқытуды ұйымдастыру да трендке айналууда. Жеке бағдарлы оқыту әдістері арқылы оқытушылар әр студенттің қажеттілігі мен қабілеттеріне сәйкес оқу бағдарламасын бейімдей алады. Бұл тәсіл оқу процесін дербестендіріп, студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталған.

Қорыта келе, мейіргер ісін оқытуда жаңа трендтер мен инновациялар кәсіби білім сапасын арттырып, болашақ мейіргерлерді жоғары деңгейде дайындауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар, симуляциялық оқыту, VR/AR және жасанды интеллект сияқты инновациялар студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытып, оларды клиникалық тәжірибеге сапалы түрде дайындауға жағдай жасайды. Инновациялық әдістерді қолдану арқылы мейіргер ісі саласындағы мамандардың біліктілігі артып, пациенттерге көрсетілетін көмек сапасы жоғарылай түседі.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Арнайы пән оқытушысы: Сағиндықова Ж.А.

ҚАУІПСІЗ ЕЛ!

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҮНДЕУІ

Ішкі істер министрлігі өкілдері қазақстандықтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырды. Бұл туралы Ішкі істер министрлігіне сілтеме жасаған дереккөздер бойынша хабарлайды.

Ауа райының суытуы техногендік өрттердің көбеюіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі жоғары қуатты электр құрылғыларын бір уақытта қосу арқылы пештерді қыздырмауға және электр желілерін шамадан тыс жүктемеуге кеңес береді. Автокөлік иелеріне ашық оттың

көмегімен автомобильдерді жылыту қауіпті екенін еске салады. ІІМ еліміздің барлық тұрғындарына үйде оқыс жағдайларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырады: «Мұржаларды уақтылы тазалап, пештерді жөндеу қажет. Ақауы бар жылыту құрылғылары мен газ жабдықтарын пайдаланбаңыздар. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыздар. Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтаңыздар. Барлық оқиғалар туралы 101 немесе 102 телефондарына хабарласуларыңызды сұраймыз», - деді ІІМ әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.



ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ағымдағы жылдың 4 қарашасында Жетісу облысының Талдықорған қаласында терроризмге қарсы оқу-жаттығуы өткізілді.

Оқу-жаттығудың мақсаты – құқық қорғау және арнайы органдардың күштері мен құралдарының террористік сипаттағы түрлі қауіп-қатерлерге ден қоюға дайындығын тексеру. Жаттығу террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризм актісінің жолын кесу шараларын жетілдіруге бағытталған.

Терроризмге қарсы күрес жөніндегі Жетісу облысының жедел штабы

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

СМАРТ АЯЛДАМАЛАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жалпы 21 смарт аялдама бар. Олар 2018 жылы қолданысқа берілген.

Бүгінде қала әкімі Ернат Бәзілдің тапсырмасына сәйкес қаламыздағы барлық смарт аялдамалары 5 жылға сенімгерлік басқаруға беріліп, қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды.

«2018 жылы салынған аялдамалардың барлығы расымен сын көтермейтін дәрежеге жетіп, халық арасында үлкен мәселеге айналған болатын. Енді смарт аялдамаларды түгелдей жөндеп, ретке келтіріп жатырмыз. 12 аялдаманы жыл соңына дейін жасап, қолданысқа беретін боламыз. Қалған 9 аялдаманы 2025 жылдың көктемінде береміз деп жоспарлап отырмыз», - деді қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Қаламыздығы смарт аялдамаларда жылытқыш батареялар және салқындатуға арналған кондиционер, тегін Wi-Fi мен смартфондарды қуаттындрығыштар да қарастырылған. Аялдамалар



таңғы 06:30-да ашылып түнгі 22:00-де автоматты түнде жабылатын болады.

Айта кетейік, смарт аялдамалар енді күнделікті тазаланып, тәулік бойы бейнебақылауда болатын болады.

Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ

ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ - БІЛУ ҚАЖЕТ!



Аталмыш шараға облыс орталығының жалпы білім беретін мектептерінің 100-ге жуық оқушысы қатысып, денсаулық сақтау мен ақпараттандырудың маңызды мәселелерін талқылай отырып, өздерінің таланттары мен шығармашылық жұмыстарын көрсетті. «Қос Қанат Жетісу» қоғамдық ұйымы оқушылардың төл туындыларынан құралған көрмені келушілер назарына ұсынды. Іс-шараға қатысқан арнайы қонақтар дауыс беру арқылы ең таңдаулы суреттерді бағалап, жеңімпаздар

АИТВ-инфекциясының алдын алу мен оған қарсы күрес, профилактикалық шаралар негізінде түсіндіру жұмыстары бойынша жасөспірімдер арасында «Қорқудың қажеті жоқ - білу қажет!» атты жиын өтті. Айта кетейік, акция «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ қолдауымен ұлттық денсаулық сақтау қызметінің бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұйымдастырылды.

анықталды. Марапаттау салтанатында «Қос Қанат Жетісу» қоғамдық ұйымының басшысы Елена Радионова мен АИТВ-инфекциясына қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың қызметкері Жарас Саутбеков инфекцияның пайда болу жолы мен салдары жөнінде толыққанды ақпарат беріп, шығармашылық белсенділік танытқан оқушыларға алғыстарын білдірді.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

«АНА ҮЙІ» РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ! ЕГЕР:

- СІЗ ҚОЛЫҢЫЗДА ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕМЕН ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛСАҢЫЗ
- СІЗГЕ БАЛАЛАРЫҢЫЗДАН БАС ТARTУ ҚАУІПІ ТУҒАН ЖАҒДАЙДА
- СІЗ БАЛАНЫ МЕКЕМЕДЕ ҚАЛДЫРУҒА МӘЖБҮР БОЛДЫҢЫЗ

РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР «ДОМ МАМЫ» ПОМОЖЕТ ВАМ! ЕСЛИ:

- ВЫ ПОПАЛИ В ТРУДНУЮ ЖИЗНЕННУЮ СИТУАЦИЮ С НОВОРОЖДЕННЫМ РЕБЕНКОМ НА РУКАХ
- ВЫ НА ГРАНИ ОТКАЗА ОТ СВОИХ ДЕТЕЙ, ИЗ-ЗА ТЯЖЕЛОЙ СИТУАЦИИ
- ВЫ ВЫНУЖДЕНО ОСТАВИЛИ РЕБЕНКА В ИНТЕРНАТНОМ УЧРЕЖДЕНИИ

8-800-080-77-71
ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН / ЗВОНОК ПО КЗ БЕСПЛАТНЫЙ

«Дом Мамы»
dommamy
www.dom-mamy.kz

БАНКРОТТЫҚ РӘСІМ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕРКІНДІККЕ АПАРАТЫН ҮШ ЖОЛ

Халықтың шамадан тыс несиеленуі мәселесін шешу құралдарының бірі «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңы болып табылады.

Заңда, қарыз түрі және қарыз сомасына байланысты 3 рәсім қарастырылған.

Олардың ішіндегі ең сұранысы көп - соттан тыс банкроттық рәсімі, оны тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады.

Азаматтар бұл рәсімге өтініштерді халыққа қызмет көрсету орталықтарында электронды үкімет порталы (eGov.kz.), сондай-ақ eGov мобильді қосымшасы арқылы бере алады.

Осы мақсатта «Қолдау» жеке тұлғалардың банкроттығы туралы жаңа ақпараттық жүйе іске қосылды.

Жүйе 24 мемлекеттік орган мен ұйымның деректер базасы арқылы өтініш беру және өтініш берушінің кіру критерийлеріне сәйкестігін автоматты түрде тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Өтініш беруші өтініштің статусы мен үкілетті органның шешімін осы жүйеде көре алады. Сондай-ақ бас тарту себебін және ол бойынша тиісті органдар ұсынған ақпаратты көреді. Бұл болашақта оның деректерді түзету үшін, сол немесе басқа органға хабарласу үшін өте ыңғайлы.

Сонымен қатар, Qoldau жүйесінде кез келген адам нақты уақыт режимінде жеке тұлғалардың банкроттығы туралы статистикалық деректерді көре алады.

Екінші рәсім, сот банкроттығы, азаматтар 1600 АЕК – тен астам және кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қолдана алады.

Алайда, алимент және басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген залал, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залал, сондай-ақ сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төлетін төлемдер есептен шығаруға болмайды.

Үшінші рәсім, бұл сотта қарыздарды бөліп төлеу (5 жылға дейін) мүмкіндігін көздейтін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

Бұл процедураның артықшылығы - одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан оған банкрот үшін көзделген салдарлар қолданылмайды.

Заңда көзделген рәсімдерді қолданылған күннен бастап:

- қарыздар бойынша өсімпұлдарды және сыйақыларды есептеу тоқтатылады;
- кредиторларға борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуге тыйым салынады;
- кредиторларға борышкердің банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға тыйым салынады және басқа да салдарлар.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұжымы белгілі журналист, қарымды қаламгер **Болатбек БИСҰЛТАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, бала-шағасына, ағайын-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

«Талдықорған» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы саналы жұмырын журналистикаға арнаған белгілі қаламгер, журналист **Болатбек БИСҰЛТАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, бала-шағасына, туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Талдықорған
ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Тапсырыс №1188 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.